

FTAMP 20.01.45

Т.О.БАЛЫҚБАЕВ<sup>1</sup>, Е.Ы.БИДАЙБЕКОВ<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан),  
esen\_bidaibekov@mail.ru <https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.28>

## ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада әл-Фараби мен Абайдың мұрагерлік сабақтастығы туралы мәселелер қарастырылған. Мақала авторлары екі арыстың негізінен ғылыми-педагогикалық, қала берді діни-философиялық, музыка, поэтикалық, тарихи-этнографиялық мазмұндағы сабақтастылығы, байланыстылығы, тамырластығы төңірегінде тоқталған. Мақалада А.Көбесовтің Абай мен әл-Фарабидің жалпы педагогикалық ойларын, педагогикалық жүйелерінде тәрбие мен тәлім, білім мәселелерін бірін-бірі толықтырушы, ажырамас, диалектикалық бірлікте және оларды адамзат қауымдастығымен қабыстыра қарастырып, олардың ғылыми- педагогикалық сабақтастығын айқындағандығы көрсетілген. Сонымен қатар, әл-Фараби мен Абайдың мұрагерлік сабақтастығы ауқымына енетін «Поэтикалық сарындастық», «Музыка туралы ой-толғамдар», «әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы жанрлық жақындықтар», «Діни-философиялық тамырластықтар», «Түркі тарихы мен этнографиясы хақындағы пайымдар» атты ғылыми-педагогикалық сабақтастық саласына жақын пән салалары бойынша педагогика-дидактикалық зерттеулер жүргізуге қажетті терең де, зерделі алғышарттар болатындай өзіндік зерттеулердің маңыздылығына мән берілген.

*Түйін сөздер:* әл-Фараби; Абай Құнанбаев; мұрагерлік сабақтастық; ғылыми-педагогикалық сабақтастық; білім-ғылым; философия; діни-философиялық; музыка; поэтикалық; тарихи-этнографиялық мазмұндағы сабақтастылық; шынайы бақыт; кемел адам.

**Кіріспе.** «Арысы түркі, берісі қазақ топырағының түлектері саналатын, екі ұстың, екі арыстың – ұлы хакімдер Абай мен әл-Фарабидің руханилық, идеялық, ағартушылық қарым қатынастарын терең зерттеудің көкейкестілігі кейінгі кезде дұрыс айтылып, күн тәртібіне қойыла бастады. Бұл – табиғи, заңды талап, өйткені араларын мың жылдай уақыт алып жатқан бұл екі данышпанды біріктіретін, іліктестіретін өзекті желілер аз емес. Бұлардың бірі мұсылман мәдениетінің, Шығыс мәдениетінің көшбасшысы болса, екіншісіне оны аяқтаушы міндеті тарихи несіп болып еді» [1, 4 б.], – деп жазады белгілі фарабитанушы Ауданбек Көбесов өзінің «әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда» атты зерттеу еңбегінде.

**Зерттеу әдіснамасы.** Әл-Фараби мен Абайдың мұрагерлік сабақтастығы туралы ең бірінші мақала А.Көбесовтың авторлығымен «Фараби – Диуани – Абай» деген атпен 1973 жылы 3-шілдеде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді [2]. Содан кейін бұл тақырып А.Машанов [3], М.Мырзахметов [4] еңбектерінде жалғасын тапқаны белгілі.

Жалпы айтқанда, Абай Фарабидің еңбектерімен тікелей таныс болды ма, жоқ Диуани секілді, т.б. шәкірттерінің шығармалары арқылы жанама жолмен танысты ма – бұл жағы мәлім емес. Академик Ә.Марғұланнның айтуына қарағанда, Абай тәлім алған Семей медресесінде Фараби және басқа Шығыс ғұламалары еңбектерінің арабша-түрікше қолжазбаларының болғаны анық көрінеді [1, 8 б.].

Өткендегі қазақ зиялыларының Фараби мен етенетаныс болғандығы туралы 1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алған Мағжан Жұмабай ақынның 1920 жылы жазылған мынадай өлең шумағы куәлік етеді:

*Түріктің кім кемітер музыкасын,  
Фараби тоғыз шекті домбырасын  
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,  
Жұбанып кім тыймаған көздің жасын?!  
[1, 8 б.; 5].*

Оның үстіне Қазақстанның ертедегі ғылым тарихын зерттеуші

Қ.Нұрсұлтанов Семей кітапханаларынан Фараби жолын қуушы айтылмыш Диуани және энциклопедист Тафтазни еңбектерінің табылғанын хабарлады дейді Аудекең [2].

Белгілі фарабитанушы Ақжан Машановтың айтуынша, Мұхтар Әуезов бір сөзінде Абайға әсер еткен сондай тұлғаның бірі де бірегейі татар халқының ұлы перзенті Шихабеддин Маржани (1818-1889) екенін айтқан екен. Ол өз еңбектерінде әл-Фарабидің философиялық туындыларын терең талдап, оған жоғары баға берген. Әсіресе әл-Фарабидің ғылым, философия, музыка саласындағы қағидаларын Ш.Маржани үлгі етеді. Ал, Қазанның Ш.Маржани басқарған медресесінде әл-Фарабидің кейбір ғылыми еңбектерінен дәрістер оқылған екен, оқу құралдарына кірген екен. Ш.Маржани Қазанда «Ғалия» мешіт-медресе салдырған, көптеген шәкірттер дайындаған.

Ақжан Машанов «әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде [3]: «Қарқаралыда, Семейдегі медреселерде Маржанидің тікелей өзінен тәлім алған адамдар оқытқан. Абай – Семейде сол Маржани шәкірттерінен оқығандардың бірі. Абай еңбектерінде Маржанидің қозғаған мәселелері көп кездесетіндігі осыдан», деп көрсетеді. Ақжан Машанов «Абай - Фараби еңбектерімен Маржани еңбектері арқылы таныс болды» дегенде, осыны меңзесе керек дейді философия докторы Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы өзінің «Абай және Маржани дүниетанымы» атты мақаласында [6].

Абай мұраларының бастау көздерін

көптен бері зерттеумен шұғылданушы белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов те Фараби бастаған Шығыс ғұламалары мен Абай еңбектері арасындағы байланыс, сабақтастықтар туралы бірсыпыра қисынды болжамдар мен пайымдаулар айтып жүр. Ол өзінің «Абайды әл-Фарабиді тануы» атты мақаласында [4] былай дейді: «ХІ ғасырдан бізге жеткен бірден-бір әдеби мұрамыз «Құдатғу білікпен» Абайдың таныстығы жайында нақты жазба дерек бар, ал әл-Фараби еңбектерімен таныстығы жөнінде әзірше нақты мәлімет қолда жоқ. Дегенмен әл-Фараби еңбектерін Абай білген деген пікірді ертеректе профессор Ғ.Сағди: «... философияға, даналыққа зор мән берген осы ғақылиялар кітаптарынан да мағлұматы бар еді», деп атап көрсеткен болатын».

«Фараби бастаған ежелгі ғұламалар мен Абай арасындағы ұқсастық, ортақтық тамыр-таныстық жөніндегі пікір-қорытындылардың көпшілігі әзірше ғылыми жорамал /гипотеза/, тұспал ретінде айтылды. Басы ашық бір нәрсе – Абайдың білімпаздығы мен өнерпаздығының бастау-бұлақтарын ашып көрсету – абайтанушылар алдында тұрған келелі міндеттердің бірі, оларды жан-жақты зерттей түсу қажет», – дейді ғалым Ауданбек Көбесов [1, 8 б.; 7].

Біз бұл баяндамамызда екі арыстың негізінен ғылыми-педагогикалық, қала берді діни-философиялық, музыка, поэтикалық, тарихи-этнографиялық мазмұндағы сабақтастылығы, байланыстылығы, тамырластығы төңірегінде тоқталмақпыз.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы бойынша А.Көбесовтың терең зерттеулеріндегі мәліметтер «Фараби – ойшыл-математик, жаратылыстанушы, педагог заманауи білім беруде» деген мақалада [8], сонымен қатар бірқатар ғылыми еңбектерде [9-13] көрсетілген.

**Пікір алмасу және нәтижелері.** Әл-Фараби де, Абай да – ең әуелі ұстаз, ағартушылар, олардың бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. әл-Фараби адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табу-

ды мұрат тұтса, Абай толық, кемел адам (жәуанмөртлік) тәрбиелеп шығару мақсатын көздеген.

Абай мен әл-Фарабидің педагогикалық жүйелерінде тәрбие мен тәлім, білім мәселелері бірін-бірі толықтырушы, ажырамас, диалектикалық бірлікте және олар адамзат қауымдастығымен қабыстырыла қарастырылады.

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі құрал ретінде мінез-құлық (ақлақ), мораль және ақыл-ой, интеллектуалды тәрбие мәселелеріне шешуші мән береді. «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде, олардың арқасында бақытқа жете міз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз», – дейді ұлы ұстаз.

Абай болса өзінің педагогикалық трактатында (отыз сегізінші сөзінде) толық, ізгі адам туралы ойларын былай тұжырымдайды: «Белгілі жәуанмөртлік үш хаслат бірлөн болар деген – сидық (шыншылдық), кәрәм (ізгілік), ғақыл (даналық, ақылдылық)... Бұл айтылмыш үш хаслаттың иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хақимдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар» [14, 28 б.].

әл-Фарабидің педагогика философиясындағы ұстанған негізгі кредосы – адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі ләзім. «Адамдар туралы айтсақ, – деп жазады ол, – оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер, тұтқа адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамзат тегіне жататын болғандықтан, олар өзара бейбітшілікті, татулықты сақтаулары қажет» [1, 10 б.].

Абай да осы ұлағатты қолдай, жаңғырта, өрбіте отырып, отыз төртінші сөзінде былай дейді: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ

жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білмегендігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?» [14, 24 б.].

Араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басшысы, әміршісі «сегіз қырлы, бір сырлы» – білім-парасаты, мінез-құлқы барынша кемел азамат болуы ең басты шарт болып қойылған. әл-Фараби осы ойды талапты педагогикаға енгізіп орнықтырушылардың, іске асырушылардың алдыңғы сапында тұр. Ол қабілеті бар балалар әбден толысқан кемеңгер басшы, әмірші болып, өкіметті қолына алу үшін оларға қандай тәлім-тәрбие беру қажеттігін айқындауды негізгі міндет деп білген. әл-Фараби мұндай туа біткен және жас көзінен даритын он екі қасиеттің атын атайды.

Ғұламаның ізгі адамға лайық асыл қадір-қасиеттерді осылайша мұқият санап, тәптіштеп талдауы Абай өлеңдеріндегі адамгершілікті, келісті кемеңгерлікті, мінезділікті және кереғар кесапатты қылық-құлықтарды тізбектеген тұстарды еске түсіреді. Мәселен, өнер-ғылым қуған жастарға дарытуға лайықты және лайықсыз қасиеттерді, ел билеуші азаматқа қажетті мінез-құлықты, жол-жосықты өлең мен термелер арқылы толғауы осының айғағы сияқты. Абайда аталмыш тақырыпты әр түрлі жағынан қарастыратын бірнеше өлең бар. Солардан мысал келтірейік:

*Ғылым таппай мақтанба,  
 Орын таппай баптанба,  
 Құмарланып шаттанба,  
 Ойнап босқа күлуге.  
 Бес нәрседен қашық бол,  
 Бес нәрсеге асық бол,  
 Адам болам десеңіз,  
 Тілеуің, өмірің алдыңда,  
 Оған қайғы жесеңіз.*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шаппақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой,  
Бес асыл іс, көнсеңіз [1, 11 б.; 15]  
Немесе  
Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?  
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.  
Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып,  
Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.  
Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек [1,  
11 б.].*

Екі ұлы ойшыл ұстаздың сөз саптауларындағы негізгі өзгешелік – әл-Фараби жалпыға арнай, теориялық жолмен толықтап айтса, Абай «қалың елі – қазағының» ыңғайына лайықтап, келте қайырып, қысқа да нұсқа айтады. Бірақ та олардың көздеген мақсат-мұратында бәлендей алшақтық жоқ, көксегендері – адамның жақсы қасиеттерін, мінез-құлықтарын онан сайын асырып, жаманын жөндеу, осы арқылы оның көсегесін көгерту, шын бақытқа жеткізу.

Өзінің ерте қайтыс болған сүйікті ұлы Әбдірахманға арналған жұбату, жоқтау өлеңдерінде де Абай жан-жақты дамыған, мінсіз толық адамның бейнесін жасайды.

Әл-Фарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өзара бірлікте, тығыз байланыста қарастырылғанмен, педагогикалық құрал ретінде ерекше, әрқайсысының дербес жақтары да ажыратылады. Ол адамның шынайы бақытқа жетіп толысуы, парасаттануы үшін пайда берерлік (рационал) барша ғылымды игеруге ерекше мән береді. Оның «бақыттың мәні – парасаттылықта» екендігі туралы қағидасы осыны білдіреді. Әл-Фарабидің мұны айтып

қана қоймай, сол кездегі бүкіл ғылымдарды меңгерудің жоспарын, бағдарламасын, оқулықтарын жасап шыққан ұстаз, ғұлама екені белгілі болып отыр.

Абай болса ұстазының бұл үрдісін толық қабыл алып, отыз сегізінші сөзінде «Һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтықты» жақтайды, оны өзінше бір Алланы танумен байланыстыра негіздейді.

Жастарды тәрбиелеу жүйесінде әл-Фараби мен Абай бірінші орынға адамгершілік, моральдық тәрбиені қояды. Кең мағынада алып қарағанда, олар бұл тәрбиенің ауқымына имандылық, еңбек, эстетика, дене, т.б. тәрбие түрлерін енгізіп, тұтас қараған сияқты.

Әл-Фарабидің ілімі бойынша, мінез-құлықтың жақсысы да, жаманы да туа бітпейді, жүре бітеді. Оларға әсер етуші шешуші факторлар, себепші әрекеттер органың әсеріне, сіңген әдетке, дағдыға тіреледі. Ол былай дейді: «Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре келе пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт камтылуын айтамын. Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнер үйрену жолдары сияқты...» [1, 12 б.].

Абай осы жайды толық қуаттай отырып, отыз сегізінші сөзінде: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», «Адам баласын заман өсіреді, кімдекім жаман болса, замандасының бәрі виноват» деп кесім айтады [14, 28 б.].

Әл-Фараби тәрбиені неғұрлым ерте бастағанды ұтымды санайды, қатаң (зорлау) және жұмсақ әдістерді қатар пайдалануды ұсынады. Абай өзінің отыз сегізінші сөзінде бұл бағыттағы ойларын былай тұжырымдайды: «Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында

зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады... Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір бәһра болмайды. Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман игтиқатқа да қиянат бірлән болады. Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамшылығының кәмеләт таппағы – қиынның қиыны» [14, 28 б.].

Әл-Фарабиден бастау алған жақсы-жаман әдет-дағдылардың адамның жан-жақты кемел қалыптасуындағы пайда-зияны Абай өлеңдерінде де ұшырасып отырады. Мысалы, әйгілі «Сегіз аяқтағы» «көп айтса көнді, жұрт айтса болды – әдеті надан адамның», «Үш-төрт жылғы әдетің, өзіңе болар жендетің» деген жолдар тәрізді [1, 13 б.].

Әл-Фараби еңбектерінде адамда түзу мінез-құлық, дұрыс моральдық қасиеттер дарытуға арналған арнайы тәрбиелеу әдістері көрсетіледі. Бұл әдістердің түп негізінде, төркінінде мінез-құлықтардағы олқылықтарды «төзге балап түзету» арқылы, яғни артық болса кемітіп, кем болса арттырып, «ұштын орта» – қалыпты жағдайға жеткенше әсте-әсте біртіндеп түзету, дұрыстау әрекеті жатыр.

Дәл осылар тәріздес тәрбиедегі «алтын орта» өлшемі Абайдың педагогикалық пайымдауларының да іргетасын түзеді. Бұл принцип (ереже) оның қырық үшінші сөзінде жақсы айтылған.

Әл-Фараби педагогикасындағы өзін-өзі тәрбиелеу, ақыл-парасат, ерік күші арқылы өзін тезге салу, жөнге салу әдістері туралы қағидаларды осылай қолдап, дамыта келе, Абай он бесінші сөзінде мынадай тәрбиелік мәні үлкен ереже ұсынады: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не

дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» [14, 11 б.].

Абай да, әл-Фараби де басқа діндегі, ұлт-милеттегі ғалымдар еңбектерін жатырқамай, озық, үлгілі жақтарына жоғары баға беріп, оларды қауым үшін уағыздай насихаттап отырған, өздері де көп тілді жетік меңгерген.

Әл-Фараби, мәселен, ежелгі грек, араб оқымыстыларын (Аристотель, Евклид, Птолемей, әл-Кинди, әл-Баттани, т.б.) өзіне ұстаз санап, олардан көп үйренген. Ол «Бақытқа жету туралы» трактатында ғылымның интернационалдық сипатын айта келіп, ғылым туралы: «Ежелгі дүниеде Иракты мекендеген халдейлерде болған, сонан кейін мысырлықтарда кездеседі, олардан гректерге, гректерден сириялықтарға ауысқан. Ғылымның бүкіл мазмұны грек тілінде баяндалып, одан соң сирия тіліне, одан арабшаға аударылған», – деп аса құнды тарихи дерек келтіреді [9].

Абай мен әл-Фарабиді өте жақын жалғастырып, етене туыстандыратын бір көпір олардың дін, діни тәрбие туралы пайымдаулары екені мәлім бола бастады. Бұл арақатынас арнайы қарастыруды қажет етеді. Бұл жерде бірер мысал келтірумен шектелуге тура келеді.

Әл-Фараби философияны үйренудің түп мақсатын айқындай келіп, былай дейді: «Ол мақсат – жаратқан иені тану, ол – өзі ауыспайтын, өзгермейтін бір жалғыз нәрсе. Бүкіл дүниені, барлық заттардың бәрін барлыққа, болмысқа келтірген жаратушы. Жомарттығымен, хикметімен, әділетімен осы ғылымға тәртіп беруші – Алла тағаланы тану. Барлық философ ғалымдардың істеген еңбектері – өздерінің шамасынша сол жаратқанға ұқсап бағу» [1, 16 б.].

Бұл қағидат Абайдың діни көзқарастарының негізі, арқауы болғандығын байқау қиын емес. Мұның айқын дәлелі – оның айтылымш отыз сегізінші сөзі және осыған өзектес шығармалары. Бұларда өзінің ұлы бабасының, ұстазының ойларын жаңғыртады, ұстартады. Мысалдар келтірейік: «Құдай тағала бұл ғылымды

ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен-бірі пайда алатын қылып жаратыпты». «Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандық бірлән ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дауасы бірлән емес, соның соңында болмақ», «Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпайды. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар» [1, 16 б.; 7] немесе:

*Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес,  
Әли кітап бұл сөзді бекер демес.*

Әл-Фарабидің дидактикасында оқудың, оқытудың екі түрі ажыратылады: біріншісі – зерек шәкірттерге арналған ақили дәлелдеу, абстракциялық қиялдау жолымен көз жеткізу, секіру; екіншісі – дайындығы орташа көпшілік оқушыларға арналған көрнекілік, бейнелеу, бұрыннан қабылданған қағида, өсиет-нақылдарға сүйеніп тәлімдеу. Абай да осы жүйені негізге алып, отыз сегізінші сөзінде ақили мен нақыли білім алу жолдарын парақтайды. Он үшінші сөзінде ол имандылық дарыту туралы айта келіп; «Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізелік болып... екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық беріктік керек» [14, 10 б.], – дейді.

Біздің кейбір зерттеулеріміз Абайдың атақты «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінің тағы бір қырын, төркінін табуға мүмкіндік беретін сияқты, – дейді А.Көбесов [1, 17 б.].

Фарабидің шынайы ғалымдық жол туралы бұл қағидалары мен басқа да ойлары тікелей немесе Дауани сияқты ізбасарлар еңбектері арқылы Абайға жетіп, айтылмыш өлеңге өзек болуы ықтимал. Әрине, Абайдың өз тарапынан да қосымшалар қосуы, қазақ өміріне лайықтап айтуы табиғи нәрсе.

Шығарманың «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» деп басталуының өзі ғалымдық жолдың қиындығын, құрметтілігі мен қастерлілігін аңғартады. Ары қарай Фараби нұсқаған және басқа алғышарттар көрсетіледі:

*Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз.  
Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сөнсеңіз?  
Білгендердің сөзіне  
Махаббатпен ерсеңіз.  
Ақыл сенбей сенбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз.  
Ақсақал айтты, бай айтты,  
Кім болса, мейлі сол айтты,  
Ақылменен жеңсеңіз,  
Надандарға бой бермей,  
Шын сөзбенен өлсеңіз [1, 18 б.; 15].*

Әл-Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар туралы трактатында» Аристотельдің философиясын меңгеру үшін қажетті тоғыз шартты көрсетеді, солардың бірі – шәкірттің моральдық-психологиялық пәктігі, тазалығы жөніндегі шарты. «Сөзімнің тілегіне құл болған адам, – дейді ұстаз, – қасиетті ақиқаттың айғағы болуға арналған философия ғылымына қалай үйлесе алсын... Мұнан соң адам өзінің рухани ниет-тілектерін түзетсін. Рухани дүниесі түзу болмаса, бұзықтық жолға түсу, жаңылыс кету сияқты нәрселерден аман болмайды... Сонымен қатар өзінің құлық-мінезін түзеуден басталады, яғни сезім тілегі шындық үшін ғана болу керек. Ләззат (рахат) іздеу, қызығу сияқты нәрселер болмасқа керек» [1, 19 б.].

Абай білім – ғылымға үйренбекке талаптанушыларға қойылатын шарттарға (алты шарт) арналған отыз екінші сөзінде әл-Фарабидің бұл өсиетін жаңғыртып, былай дейді: «Егер дін көңілің өзге нәрседі болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешенің мейірімі секілді болады... Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсі қызарлықпен, жеңілдікпен я біреудің

орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ» [1, 19 б.; 7].

**Қорытынды.** Өз зерттеуін осы бағытта жүргізе келе педагог-ғалым А.Көбесов Абай мен әл-Фараби арасындағы ғылыми-педагогикалық сабақтастықтар мен сарындастықтар аясы жоғарыда айтылғандармен ғана шектелмейтіндігін, бұл арақатынас, жалпы данышпан екі хаким арасындағы байланыс, іліктестік жай-жапсары, сыр-сипаты әлі де болса кешенді де терең тексерісті қажет ететіндігін баса айта былай қорытындылайды:

«Абай мен әл-Фарабидің ұстаздық, тәлімгерлік үрдістерінде ұқсас идеялар мен қағидалардың көптеп кездесуі кездейсоқ нәрсе емес. Олар Абайға әл-Фарабиден тікелей ауысты ма, жоқ, оның ізбасар-шәкірттері (Ибн Сина, Дауани, Науаи.

т.б.) арқылы келді ме – бұл басы ашылып, анықталмаған, арнайы зерттеуге мұқтаж, қиын да, қызықты үлкен ғылыми мәселе болып табылады» [1, 19 б.].

Ауданбек Көбесов осы өзінің «әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда» атты тамаша зерттеу еңбегінде әл-Фараби мен Абайдың мұрагерлік сабақтастығы ауқымына енетін «Поэтикалық сарындастық», «Музыка туралы ой-толғамдар», «әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы жанрлық жақындықтар», «Діни-философиялық тамырластықтар», «Түркі тарихы мен этнографиясы хақындағы пайымдар» атты ғылыми-педагогикалық сабақтастық саласына жақын пән салалары бойынша педагогика-дидактикалық зерттеулер жүргізуге қажетті терең де, зерделі алғышарттар болатындай өзіндік зерттеулер нәтижелері келтірілген. Олар туралы әңгіме қозғауға болар еді, бірақ мақала статусы мүмкіндік бермейтіндігі өкінішті-ақ.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- [1] Көбесов А. әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 54 б.
- [2] Көбесов А. Фараби – Диуани – Абай / Қазақ әдебиеті газеті. – Алматы. – № 3. – 7 шілде, 1973.
- [3] Машанов А. әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- [4] Мырзахметов М. Абайды әл-Фарабиді тануы / Егемен Қазақстан газеті. – Нұр-Сұлтан. – № 5. – 8 қыркүйек 2020.
- [5] Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). – 1-том: Өлеңдер, дастандар / құраст. С.Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
- [6] Қуандықұлы Д. Абай және Маржани дүниетанымы / Егемен Қазақстан газеті. – Нұр-Сұлтан. – № 8. – 19 ақпан 2020.
- [7] Көбесов А. Абайтану дәрістері. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясы, 2000. – 160 б.
- [8] Балықбаев Т.О., Бидайбеков Е.Ы. Фараби – ойшыл-математик, жаратылыстанушы, педагог заманауи білім беруде // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Физикалық-математикалық ғылымдар сериясы. – 2020. – № 3(71). – 121-128 бб.
- [9] Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата : Мектеп, 1989. – 151 с.
- [10] Бидайбеков Е.Ы., Кубесов Н.А. Ауданбек Кубесов // Білім – Образование. – 2008. – № 5(41). – С.67-69.
- [11] Бидайбеков Е.Ы. әл-Фарабидің математикалық мұралары заманауи білім беру үдерісінде // Педагогика және психология. – 2015. –№ 2(23). – 66-70 бб.
- [12] Балықбаев Т.О., Бидайбеков Е.Ы., Бостанов Б.Ф. Ауданбек Көбесов – мұсылман шығысы математика ғылым тарихы мен педагогикасы бойынша көрнекі ғалым, фарабитанушы // Педагогика және психология. 2017. – № 4(33). – 169-179 бб.
- [13] Балықбаев Т.О. әл-Фараби мұрасы және Көбесов зерттеулері / Егемен Қазақстан. – Нұр-Сұлтан. – 27 мамыр 2020 [Электрондық ресурс]: URL:  
[https://egemen.kz/article/236715-al-farabi-murasy-dgane-kobesov-zertteuleri?utm\\_source=ainews&utm\\_medium=referral](https://egemen.kz/article/236715-al-farabi-murasy-dgane-kobesov-zertteuleri?utm_source=ainews&utm_medium=referral) (өтінім берілген күні: 09.11.2020).

[14] Абай. Қара сөз / Абай Құнанбаев. – Алматы: Ілгерілік, 2015. – 77 б. [Электрондық ресурс]: URL: <https://adebiportal.kz> (өтінім берілген күні: 09.11.2020).

[15] Абай Құнанбаев. Шығармалар: екі томдық / Абай Құнанбаев. – Алматы: Жазушы. – 1988. – Т.2. – 250 б.

#### References

- [1] Kobesov A. al-Farabi men Abajdy katar okyghanda. – Алматы: Kazak universiteti, 2006. – 54 b.
- [2] Kobesov A. Farabi – Diuani – Abaj / Kazak adabiet gazetesi. – Алматы. – № 3. – 7 shilde, 1973.
- [3] Mashanov A. al-Farabi zhane Abaj. – Алматы: Kazakstan, 1994. – 192 b.
- [4] Myrzahmetov M. Abajdy al-Farabidi tanuy / Egemen Kazakstan gazetesi. – Nur-Sultan. – № 5. – 8 kyrkujek 2020.
- [5] Zhumabaev M. Shygarmalary (adebi basylym). - 1-tom: Olender, dastandar / kurast. S.Zhubaniyazov. – Алматы: Zhazushy, 2013. – 376 b.
- [6] Kuandykuly D. Abaj zhane Marzhani dunietyny / Egemen Kazakstan gazetesi. – Nur-Sultan. – № 8. – 19 akpan 2020.
- [7] Kobesov A. Abajtanu daristeri. – Алматы: Y.Altynsarin atyndagy bilim akademiya, 2000. – 160 b.
- [8] Balykbaev T.O., Bidajbekov E.U. Farabi – ojshyl-matematik, zharatylystanushy, pedagog zamanauy bilim berude // Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy. Fizikalik-matematikalyk gylymdar seriyasy. – 2020. – № 3(71). – 121-128 bb.
- [9] Kubesov A. Pedagogicheskoe nasledie al'-Farabi. – Alma-Ata: Mektep, 1989. – 151 s.
- [10] Bidajbekov E.U., Kubesov N.A. Audanbek Kubesov // Bilim – Obrazovanie. – 2008. – № 5(41). – S.67-69.
- [11] Bidajbekov E.U. al-Farabidin matematikalik muralary zamanauy bilim beru uderisinde // Pedagogika zhane psihologiya. – 2015. – № 2(23). – 66-70 bb.
- [12] Balykbaev T.O., Bidajbekov E.U., Bostanov B.G. Audanbek Kobesov – musulman shygysy matematika gylym tarihy men pedagogikasy bojnsha korneki galym, farabitanushy // Pedagogika zhane psihologiya. 2017. – № 4(33). – 169-179 bb.
- [13] Balykbaev T.O. al-Farabi murasy zhane Kobesov zertteuleri / Egemen Kazakstan. – Nur-Sultan. – 27 мамыр 2020 [Elektronдық resurs]: URL: [https://egemen.kz/article/236715-al-farabi-murasy-dgane-kobesov-zertteuleri?utm\\_source=ainews&utm\\_medium=referral](https://egemen.kz/article/236715-al-farabi-murasy-dgane-kobesov-zertteuleri?utm_source=ainews&utm_medium=referral) (otinim berilgen kuni: 09.11.2020).
- [14] Abaj. Kara soz / Abaj Kunanbaev. – Алматы: Ilgerilik, 2015. – 77 b. [Elektronдық resurs]: URL: <https://adebiportal.kz> (otinim berilgen kuni: 09.11.2020).
- [15] Abaj Kunanbaev. Shygarmalar: eki tomdyk / Abaj Kunanbaev. – Алматы: Zhazushy. – 1988. – Т.2. – 250 б.

#### Научно-педагогическая преемственность аль-Фараби и Абая

*Т.О.Балыкбаев<sup>1</sup>, Е.Ы.Бидайбеков<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

#### Аннотация

В этой статье рассматривается преемственность наследия аль-Фараби и Абая. Авторы статьи затрагивают вопросы преемственности, связанности, укорененности двух арысей, в основном научно-педагогического, а также религиозно-философского, музыкального, поэтического, историко-этнографического содержания. В статье подчеркивается, что А.Кубесовым рассмотрены общепедагогические идеи Абая и аль-Фараби, воспитание и назидание, вопросы образования в педагогической системе, дополняя друг друга, неразрывно, в диалектическом единстве и объединяя их с человеческим сообществом, определена их научно-педагогическая преемственность. Также, уделяется внимание на важность исследований как глубокие и разумные предпосылки для проведения педагогических и дидактических исследований по дисциплинам «Поэтическая ирония», «Мысли о музыке», «Жанровые сходства в творчестве аль-Фараби и Абая», «Религиозные и философские корни», «Взгляды на тюркскую историю и этнографию», близким к области научно-педагогической преемственности, которые являются частью преемственности наследия аль-Фараби и Абая.



*Ключевые слова:* аль-Фараби, Абай Кунанбаев, наследственная преемственность, научно-педагогическая преемственность, образование, наука, философия, преемственность религиозно-философского, музыкально-поэтического, историко-этнографического содержания, настоящее счастье, совершенный человек.

### Scientific and Pedagogical Continuity of al-Farabi and Abai

*T.Balykbayev<sup>1</sup>, Ye.Bidaibekov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai University*

*(Almaty, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

The paper considers the continuity of the heritage of Al-Farabi and Abai. The authors of the paper highlight the issues of continuity, connectivity, rootedness of two arys, mainly scientific and pedagogical, as well as religious and philosophical, musical, poetic, historical and ethnographic content. The article emphasizes that A. Kubessov considered the general pedagogical ideas of Abai and Al-Farabi, upbringing and edification, issues of education in the pedagogical system, complementing each other, inseparably, in dialectical unity and uniting them with the human community, he determined their scientific and pedagogical continuity. Also, attention is paid to the importance of research as a deep and reasonable preconditions for conducting pedagogical and didactic research in the disciplines «Poetic irony», «Thoughts on music», «Genre similarities in the work of Al-Farabi and Abai», «Religious and philosophical roots», «Views on Turkic history and ethnography», close to the field of scientific and pedagogical continuity, which are part of the continuity of the heritage of Al-Farabi and Abai.

*Keywords:* Al-Farabi, Abai Kunanbayev, hereditary continuity, scientific and pedagogical continuity, education-science, philosophy, continuity of religious-philosophical, musical, poetic, historical and ethnographic content, real happiness, perfect man.

*Редакцияға 05.10.2020 қабылданды.*